

**2021 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылып, 2021 жылы құрылған Алматы қаласының жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдары және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар филиалдарының тәрбиеленушілерін тамақтандыруға кететін шығындарының толық өтемақы көлемін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 4/577 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 қарашада № 25129 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) 12-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылып, 2021 жылы құрылған Алматы қаласының жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдары және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар филиалдарының тәрбиеленушілерін тамақтандыруға кететін шығындарының толық өтемақы көлемін, осы қаулының қосымшасына сәйкес, бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ж. Бабақұмаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Б. Сагинтаев*

Алматы қаласы әкімдігінің  
2021 жылғы 12 қарашадағы  
№ 4/577 қаулысына  
қосымша

**2021 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылып, 2021 жылы құрылған Алматы қаласының жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдары және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар филиалдарының тәрбиеленушілерін тамақтандыруға кететін шығындарының толық өтемақы көлемі**

--	--	--	--

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Тәрбиеленушілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге тамақтану шығыстарының орташа құны, теңге	Өтемақы көлемі, теңге
Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар филиалдары	3 999	18 900	302 324 400

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ